


ЕҢБЕККЕ БАУЛУ «1» сынып


Сабақтың тақырыбы:

«Қазақтың ұлттық киім түрлері»



Сабақтың мақсаты:

- 1. Оқушыларды халықтың өткен тарихына көз жібере отырып, ой-өрісін, ұлттық өнерге, киімге қызығушылығын ояту.*
- 2. Ұлттық киімдердің түрімен, киімге салатын ою түрімен танысу.*
- 3. Дәстүрді насихаттау, әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу.*



Сабақтың көрнекілігі: Дайын киімдер,
зергерлік бұйымдар,
түрлі қағаз бен желім.

Пәнаралық байланыс - ана тілі, бейнелеу,
музыка.


Сабақтың түрі: Сарамандық

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, жасап көрсету

Сабақтың барысы:


1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабақты түсіндіру.

Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі:



Шаттық шеңбері

*Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты - еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты - еңбек.
Сабағыңа жөндеп
Әзірленсең - еңбек.
Қиындықтың бәрін
Еңбек қана жеңбек.*






Қауіпсіздік ережесі

• «Адам көркі – шүберек,
ағаш көркі - жапырақ»

• демекші балалар, бүгін
бізде ерекше сабақ қазақ
халқының ұлттық
киімдерінің түрлерімен
танысамыз.

ҰЛТТЫҚ КИІМ ТҮРЛЕРІ



Киім адам денесін ауа райының, қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғайтын бұйым. Олардың бәріде адамдардың ақыл-ойы мен эстетикалық талғамының, еңбегінің жемісі.

- Қазақ халқының ұлттық киімдері климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сыртқы, біркиер, салтанат киімдері болады. Біркиер киім қымбат матадан тігіледі. Той думандарға барғанда, жат елге іс сапарға шыққанда киетін сәнді киім болған. Ішкі киімдер: көйлек, желет, кәзекей; сыртқы киімдер: шапап, кеудеше, тон т.б жатады. Қазақ әйелінің ұлттық киімі: көйлек, камзол, кимешек, тақия, сәукеле, кебіс, мәсі, т.б.**



Қазақтың ұлттық киімдеріне

1 - Үкілі тақия

2 - Көйлек

3 - Қамзол

4 - Етік

5 - Кебіс

6 - Тымақ

7 - Шапан



1. Шығармашылық жұмыс. Берілген сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру.

Елдің бәріне және әрдайым ұнайтын киім бар ма? Бар. Ол ұлттық киім. Және олардың қай қайсысы да әсем әрі тартымды.

Киім тігетін негізгі материалдар — тері, жүн, «шекпен» аталатын жүн мата, ал дәулетті отбастарында барқыт, жібек, қымбат аң терілері едлірілер болатын. Киім — кешекті жібекпен, алтын және күміс жіппен кестелейтін, ұсақ маржан (бисер), моншақ, шашақ, үкі қауырсындарымен безендіретін. Олар адамды «сұқтанған жаман көздерден» сақтауға тиіс деп санаған.

